

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 880 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 17 мамырда Пекин қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім (2010 жылғы 18 тамызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2010 ж., N 6, 55-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

екі ел арасында достық қатынастарды дамытуды қанағаттанарлықпен атай отырып,

2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарттың және 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының ережелерін іске асыру мақсатында,

тең құқықты және өзара тиімді негізде ұзақ мерзімді және тұрақты сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі дамытуға жалпы ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

сауданы дамыту мен әртараптандыруды ынталандыру, Тараптар үшін пайдалы экономикалық ынтымақтастықты белсенді түрде кеңейту мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына және осы Келісімнің ережелеріне с ә й к е с :

- 1) екі мемлекет арасындағы сауданы ынталандыру және дамыту;
- 2) әртүрлі салаларда экономикалық ынтымақтастықты ұзақ мерзімді дамытуды ынталандыру жөніндегі барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2-бап

1. Тараптар импортталатын және экспортталатын тауарларға салынатын кедендік баждарды және басқа да төлемдерді жинау, тауарларды әкелу мен әкетуге қатысты белгіленген рәсімдер мен ресми қажеттіліктен өту кезінде өзара неғұрлым қолайлы режим ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер мынадай жағдайларда қолданылмайды:

- 1) егер Тараптардың бірі басқа да іргелес мемлекеттерге шекара маңындағы сауда үшін қолайлы режим ұсынған немесе ұсынуы мүмкін болса;
- 2) егер Тараптардың бірі кедендік одақты, еркін сауда аймағын қоса алғанда, ол қатысушысы болып табылатын өңірлік сауда келісімдерінің қатысушыларына қолайлы режим ұсынса немесе ұсынуы мүмкін болса.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес бір Тарап мемлекетінің аумағында өндірілген тауарлармен сауданы, ішкі салық салу мен басқа да ішкі алымдар саласында ішкі сауданы, тасымалдауды, өнімді сатуды және пайдалануды реттейтін заңнама саласында ішкі өндірістің ұқсас өніміне қолданылатын режимнен кем емес қолайлы режиммен қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес басқа Тараптың мемлекеті тауарларының транзиті үшін қолайлы жағдайлар ұсынады.

5-бап

Импортталатын тауарлардың шыққан елі әрбір Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес және олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар шеңберінде айқындалады.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес шекара маңындағы сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған бірлескен іс-шаралар жүргізеді.

7-бап

1. Екі мемлекет арасындағы тауарлар мен қызмет көрсетулердің саудасы кезінде төлемдер мен ақша қаражатының аударымдары ағымдағы шоттардың айырбасталымдылық қағидатына сүйене отырып, сондай-ақ валюталық реттеу саласындағы өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Тараптар еркін айырбасталымды валютаны алуға, оның болуына, сақталуына, төлеуге және аударуға, сондай-ақ ауыстыруға қатысты екі мемлекеттің жеке, заңды тұлғаларына және өзге де ұйымдарына неғұрлым қолайлы режим ұсынады.

8-бап

Осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу үшін Тараптар:

1) мүдделі мемлекеттік органдар, әртүрлі кәсіби ұйымдар мен қауымдастықтар, сауда-өнеркәсіп палаталары, ғылыми-зерттеу институттары және ұйымдар арасындағы байланыстар мен ынтымақтастықты;

2) әртүрлі жәрмеңкелер мен көрмелер өткізуді;

3) ғылыми-техникалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар ұйымдастыруды;

4) консультациялар ұсынуды;

5) қаржы мекемелерінің арасындағы ынтымақтастықты;

6) екі жақты экономикалық ынтымақтастықта шағын және орта кәсіпорындардың қатысуын;

7) ақпараттық технологияларды, электронды сауданы, технопарктерді және т.б. дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2. Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, осы Келісімді іске асыруға байланысты барлық шығыстарды Тараптар дербес көтереді.

9-бап

1. Осы Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысының олардың ұлттық заңнамасына немесе олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес мынадай мақсаттарда тауарлардың экспортына, импортына және транзитіне тыйым салу немесе шектеу жөнінде шаралар қабылдау құқықтарын шектемейді:

1) ұлттық қауіпсіздікті қорғау;

2) қоғамдық мүдделер мен моралды қорғау;

- 3) адамдардың денсаулығын, өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;
- 4) зияткерлік меншікті қорғау;
- 5) ұлттық көркем, тарихи және археологиялық құндылықтарды қорғау;
- 6) қоршаған ортаны қорғау;
- 7) таусылып бара жатқан табиғи ресурстарды қорғау.

2. Жоғарыда көрсетілген тыйым салулар мен шектеулер орынсыз кемсітушіліктің немесе екі мемлекет арасындағы саудаға астыртын шек қоюдың құралы болмауы тиіс.

10-бап

Тараптар бір-біріне сауданың әділ режимін ұсыну үшін сауда саясаты және сауда заңнамасы саласында диалогты нығайтатын болады.

11-бап

Тараптар екінші Тарап мемлекетінің жеке, заңды тұлғаларына және өзге де ұйымдарына өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына немесе олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншікті қорғау саласында ұлттық режим ұсынады.

12-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен немесе ноталар алмасу нысанында ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдану жөнінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар өткізу арқылы шешетін болады.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

15-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен бастап 1991 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім қолдануын тоқтатады.

16-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптан жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

2004 жылғы 17 мамырда Пекин қаласында екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Қытай Халық Республикасының

Үкіметі үшін